

## 2017 жылға арналған Қостанай облысының аудандары мен қалалары бойынша субсидиялардың көлемін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 177 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 мамырда № 7048 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 460 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 21.09.2017 № 460 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 29 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14780 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған Қостанай облысының аудандары мен қалалары бойынша басым дақылдарды өндіру үшін және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялардың көлемі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мұхамбетов*

Әкімдіктің

**2017 жылға арналған Қостанай облысының аудандары мен қалалары бойынша басым дақылдарды өндіру үшін және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялардың көлемі**

№	Аудандар мен қалалардың атауы	Субсидиялар көлемі, теңге
1	Алтынсарин	280332860
2	Амангелді	3662250
3	Әуликөл	246461780
4	Жангелдин	1152430
5	Денисов	314696410
6	Жітіқара	81875030
7	Қамысты	181386670
8	Қарабалық	426827210
9	Қарасу	232356550
10	Қостанай	330233030
11	Меңдіқара	328018180
12	Науырзым	16646200
13	Сарыкөл	205510340
14	Таран	209001410
15	Ұзынкөл	239639930
16	Федоров	617920380
17	Арқалық қаласы	102738270
18	Қостанай қаласы	6541070
Барлығы:		3825000000,0